

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Оңғарова Айжан				
Жоспардың құрылу кезеңі	12.09-16.09.2022ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	12.09.2022	13.09.2022	14.09.2022	15.09.2022	16.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балалардың мәдени-гигиеналық ережелерімен таныстыру; балаларға жағымды орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жем салғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдерінді түріңдер, матаны сулап, құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру;	"Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсаты: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және	"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.	"Не қайда өседі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы

	талқылау.	сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.	логикалық ойлауға тәрбиелеу.		кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "міне" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "міне", "міне" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	"Ас - атасы нан" мақалын айта отырып, нанның қасиеттілігін айту. Балаларды нанды қадірлеп, қоқымдарын жерге шашпай, тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз.	"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: педагог сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды, олар тек қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айтады. Мысалы: қант тәтті, ал бұрыш ... (ащы).	"Ол қандай?" дамытушы ойыны. Мақсаты: есту және есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету. Барысы: заттың атын атап, баланы осы заттың қалай көрінетінін, қандай формада болатынын, содан кейін ол ұсынған барлық нәрселерді сипаттауды сұрайды. Мысалы: жұмыртқа сопақша пішінді, түсі ақ немесе қоңыр, шикі немесе қайнатылған, іші ақ және сары. Тек заттың белгілерін айтып қана қоймай, оның суретін де салдыруға болады.	"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: өсімдікті жапырағынан тануға үйрету, зейінін дамыту. Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды.	"Жәндіктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, жәндіктердің сын-сипатына қарай сипаттауға үйрету, барлық тіршілік иелеріне деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу және зейінді дамыту. Барысы: балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ жәндіктерді сипаттайды, ал екіншісі оның қандай жәндік екенін табуы керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Содан кейін топтар ауысады.
--	--	--	--	---	--

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Әдемі шеңбер жасайық" Мақсаты. Балаларда ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама- қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, оқу қызметін пысықтау, қимыл ойыны арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру. "Допты шеңберге кіргіз" қимылды ойын.	Дене шынықтыру "Епсіз қонжық" Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. "Пойыз" қимылды ойыны.	Музыка "Әлди-әлди" Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. "Фестиваль" ойыны.	Дене шынықтыру "Аяқтың ұшымен жүрейік" Мақсаты. Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау, пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту. "Аю мен қояндар" қимылды ойыны.	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу. "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу. Мақсаты. Балаларға тәуліктің бөліктері күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне тигізген септігі туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуге үйрету. Сөздік жаттығу. "Есімде не қалды?".
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Кешкі серуен	Аспан мен	Құстарды	Гүлдейтін	Желді бақылауды

кезінде көліктерді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі	бұлттарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әр түрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Ауа-райының қандай екенін ажыратуға үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). "Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. Мақсаты: ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші	бақылауды жалғастыру. Мақсаты: жаздағы құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Аудағы жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау, ерекшеліктерін салыстыру. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары	өсімдіктерді бақылау. Мақсаты: өсімдіктерге ұқыпты қарауға үйрету, гүлзардағы өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын бекіту. "Кім жылдам?" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Құралдары: белбеу. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан	жалғастыру. Мақсаты: "жел" ұғымын бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Желді күні қандай өзгерістер болатындығына назар аударту. Балалар жалауларға қарап, желдің қай жаққа есетінін бақылайды. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. "Жел көбік" ойыны. Мақсаты: шеңберде ойына білу қабілетін, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің
---	---	---	--	--

	бойынша қозғалысты бастауға үйрету. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны	"Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "- шығалар" немесе "- лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу.	ұзақ белбеу тастайды да "бір, екі, үш" деп санайды. "Үш" деген де кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. "Қандай гүл екенін ойлап тап?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды сипаттама бойынша	қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге тұрады, ойын
--	--	---	---	--	---

		ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. Мақсаты: ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан асқан ептілікпен қашып өтуге үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.	Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі	гүлдерді ойлап табуға; гүлдерді айыра білулерін бекіту. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Еңбек әрекеті: құм салғыштың бетін ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	қайтадан басталады. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүтіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады.
--	--	---	--	---	---

		Балалардың еркін ойындары.	топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. Балалардың еркін ойындары.		Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге
--	--	-----------------------------------	---	--	--

					отыра секіруге үйрету. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күн тәртібі" Мақсаты. Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "таңертең",	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Достарға саты" Мақсаты. Балалардың құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ" Мақсаты. Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Күзгі бақ" Мақсаты. Балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра	Вариативті компонент/Шығармашылық "Бақа" Мақсаты. Балаларға бақа туралы ұғым беру; бақа денесінің құрылымы жөнінде

	"күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру; күн тәртібін пысықтау; "үлкен-кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау. Дамытушы жаттығу. "Біреу және көп". Сюжетті-рөлдік ойын "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсаты. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар ұйымдастыру.	қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруға үйрету. Көркем сөз. "Вики - біздің досымыз". "Қимылдарды ұқсат" театрландырылған ойын. Мақсаты. Театрландырылған ойын арқылы баланың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту.	жаңбыр тамшыларын салуға үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір тез өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". "Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.	отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін бақылай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта". "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	білімдерін кеңейту; табиғат әлеміндегі бақаның тіршілік ортасы туралы мағлұмат беру; бақаны қағаз бетіне жапсырудың тәсілдеріне дағдыландыру. Дидактикалық ойын: "Бақа қайда өмір сүреді?". "Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.
--	---	---	--	--	---

		Педагог: - Балалар, кішкентай балалар қалай жүреді? (Балалар аяқтарын сәл ғана ашып, адымдап жүреді. Кейін аяқтарының арасын үлкенірек ашып, адымдап жүреді.) - Қарт аталар қалай жүреді? - Ханшайым қалай жүреді? - Тоқаш қалай домалайды? - Сұр қасқыр орманды қалай серуендейді? - Қоян одан құлақтарын тегістеп қалай қашады?			
Балалармен жеке жұмыс	Апта күндерін жаттау. Мақсаты. Апта тақырыбына	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру.	"Күзде" тақпақ айтқызу. "Күзде" (Ескен Елубаев)	"Күз" туралы сюжетті суреттерге әңгіме құрау. Мақсаты. "Күз"	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсаты. Күз

	байланысты тақпақтар жаттау.	Мақсаты. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.	Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!	тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.	мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: ""Кім көп таспа жинайды?"" , ""Көбелектер мен бақалар"" (мөлшері 2-3 рет). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру, балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				

Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. Логикалық ойындар. Еркін рөлдік ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Егер бала жиі ашуланса"; "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі"; Психолог кеңесі. "Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?"

Әдіскер: А.А.Сулейменова